

№34 орта мектебі бойынша «Қамқоршылық кеңес» отырысының

№3 хаттамасы

Қатысқаны: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Барлығы: 11 адам

Күн тәртібінде:

1. Мектеп бітіруші түлектердің кешін ұйымдастыру
2. Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі туралы

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы **Жонысова Ш.Ж** сөз алды:

Құрметті кеңеске қатысушылар бүгінгі күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе 2018-2019 оқу жылындағы түлектердің мектеп кешін ұйымдастыру. Мен мектеп бітіру кешін мектеп қабырғасында өткізген дұрыс деген пікірді қолдаймын. Себебі, балалардың артық шығындалып, қымбат көлік жалдап, қымбат көйлек алып көп қаражат жұмсағаннан көрі мектептің ішінде салтанатты жиынмен бірге би кешін өткізген тиімдірек. 11 жыл оқыған алтын ұя мектебімен қоштасу кеші сол мектеп қабырғасында ұстаздары мен ата-аналарымен бірге өткізген дұрыс. Болашақта оқушыларымыз үлкен мейрамханаларда басқада үлкен ғимараттарда кездесулерін, туған күн кештерін өткізе алады. Егерде бәріміз осы менің пікірімді қолдасаңыздар, мектеп әкімшілігінен қолдау болады деген сенімдемін.

Мектептің қамқоршылық кеңесінің мүшесі **Елеусизова Сағыныш Кожабаевна** білім беру мекемелерінде оқушылардың уақыты сәнді киім іздеп, бет әрлеулермен қымбат шаш үлгісіне жазылып уақыт өткізгеннен, ҰБТге дайындалып, болашақ мамандықтарын таңдауға уақыт бөлген тиімді. Бір жағынан ата-аналардың қалтасына ауыртпалық түсірмей одан да пайдалы әрекеттер жасап, бір-бірлеріне қолдау көрсеткенді жөн санаймын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша **ДТЖО Б.Р.Утебаева** сөз алды: Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек. Балалар үшін жазда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ең алдымен — ата-ананың міндеті. Жазғы демалыс кезінде оқушыларымыз көлге барып суға жүзгілері келеді, дегенмен суға ата-аналарсыз жеке өздері баруға болмайды. Тыйым салынған жерлерге барған жағдайда айыппұл салынатындығын айтқым келеді. Сол себепті оқушыларымыз жаз мезгілінде қадағалаусыз қалмау керек. Оқушылардың техника қауіпсіздік ережелерін сақтауын мұғалімдер тарапынан ескертіліп, ата-ана тарапынан қатаң бақыланса жаз мезгіліндегі қауіпсіздік сақталады деп ойлаймын.


1. Бос қалған, бұзылған үйлерге баруға, жақындауға болмайды;
2. Далада, үйде, қоғамдық жерлерде тәртіп бұзбай, өздерін дұрыс ұстаулары керек;
3. Өрт, су, жағажайға жалғыз бармау, тоғайға жалғыз бармау, техника, еңбек, дене тәрбиесі сабақтарындағы қауіпсіздікті және жолда жүру ережелерін сақтау керек;
4. Кешкі сағат 21.30-ден кейін көшеде жүруге болмайды;
5. Танымайтын адаммен еріп кетуге немесе бөгде техникаға отыруға болмайды;
6. Басқа жаққа қыдырып кеткен жағдайда мектеп әкімшілігіне не сынып жетекшіге хабарлау керек;
7. Жасөспірімдерді дүкендерге спирттік ішімдіктерді алуға, спирттік ішімдіктерді ішуге, есірткелік заттарды қолдануға болмайды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі **Ермағанбетова Гүлбану Қуандыққызы** сөз алды: оқушылардың жаз мезгіліндегі өмір қауіпсіздігіне ата-ана жауапты. Сол себепті ата-аналардан қол хатты алып, түсіндіру жұмыстарын жүргізу класс жетекшілердің жауапкершілігіне алынса деген ой айтқым келеді.


**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, төмендегідей шешім шығарылды:**

1. Мектеп бітіруші түлектердің кеші мектеп қабырғасында өткізілсін. Ұйымдастырылу жұмыстарына қамқоршылық кеңесі өз тарапынан қажетті жағдай жасасын. Мектепте өткізілетін кештің тәртібін бақылау мектеп әкімшілігі тарапынан бақылауға алынсын.
2. Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі ата-аналар тарапынан қадағалансын. Түсіндірме жұмыстарын жүргізу, қол хат алу класс жетекшілерге жүктелсін. Осы жұмыстың жүргізілуін бақылау ДТДЖО Б.Р.Утебаеваға міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

 Жоньсова Ш.Ж.

Хатшы:

 Сағынтаева F